

3

Жоба



4

Ақжайықтың  
Сырға жеткен  
сәлемі



# Сыр бойы

14 қараша, бейсенбі 2024 жыл

№175 (20849)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ

СОР29 Дүниежүзілік климат саммитінің аясында мемлекеттер басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Ильхам Әлиев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды.

## КЕЛІСІМ – БОЛАШАҚҚА ҚОСЫЛҒАН ОРТАҚ ҮЛЕС

Мемлекет басшысы бүгінгі айтулы оқиға орнықты дамуға ортақ ұмтылыс тарихының жаңа парағын ашқанын атап өтті.

– Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою – Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ өңірлерінің ұшжақты ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезең. Құжат елдеріміздің энергетикалық жүйелерін интеграциялау, сондай-ақ Еуропа елдері мен басқа да нарықтарға экологиялық таза энергияны жеткізетін сенімді дәліздерді қалыптастыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұнда Қазақстан ірі транзит аумағы ретінде үлкен рөл атқарады. Аталған келісімнің нақты нәтижелері үш елдің экономикаларын біріктіріп, Орта дәлізді «жасыл көпір» ретінде дамытуға ықпал етеді. Бұл маңызды саладағы тығыз ынтымақтастық мемлекеттер арасындағы тәжірибе мен озық технологияларды алмасуға серпін береді, сондай-ақ энергетикалық қауіпсіздігімізді нығайтуға септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, көміртегі бейтараптығына жетуді көздейтін Қазақстан үшін жасыл энергетика маңызды бағыт саналады.

– Біз қазба байлықтарға тәуелділікті азайтуға белсенді түрде кірістік. Технологиялық инновацияларды дамытып, экологиялық орнықты өркендеуге демеу болатын инфрақұрылым құруға бет бұрдық. Қазақстан шетелдік серіктестермен жалпы қуаты 43 ГВт болатын «жасыл» жобаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді, – деді Мемлекет басшысы.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев бүгінгі келісімдер үш мемлекет арасындағы бауырластық қатынастар мен стратегиялық серіктестікті жаңа деңгейге шығаратынын атап өтті.

2-бет

## /// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

### ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сейсенбіде Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жылу маусымындағы өрт қауіпсіздігі, халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Жыныға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Айта кетейік, биыл аймақ тұрғындары республикалық бюджет есебінен 9 млрд теңгеге тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіліп, өсім алдыңғы жылдармен салыстырғанда 20 пайызды құрады. Жергілікті бюджеттің 557,8 млн теңге қаржысына 21 түрлі сирек кездесетін аурумен ауыратын 425 науқасқа дәрі-дәрмек алынды. Алдағы жылға осы мақсатқа 776 млн теңге бөлінді.

2-бет

## /// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

### ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА ТЕРМИНАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» әуежайында жаңа терминалдың ашылуына қатысты.

Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде іске асырылған жоба өңірдің сауда-экономикалық, туристік әлеуетін дамытуға және халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Жаңа терминалды іске қосу әуе айлағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге – жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін арттырады. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

– Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында көлік-логистикалық секторды дамытуды стратегиялық басымдық деп атады. «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы – өңір үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Оны іске асыру қосымша әуе бағыттарды, оның ішінде халықаралық бағыттарды ашуға, транзиттік әлеуетті, жолаушылар

мен жұмыс ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл ішкі туризмнің, сауданың және тұтастай экономиканың дамуына оң әсер етеді. Үкімет бизнесің заманауи, сапалы көлік-логистикалық инфрақұрылымды салу жөніндегі әлеуметтік бағдарланған бастамаларын толық қолдайтын болады. Бұл – біздің еліміздің болашағына қосылған үлес, – деп атап өтті Олжас Бектенов және

жобаның іске қосылуын қысқа мерзімде қамтамасыз еткендердің барлығына алғысын білдірді.

Үкімет басшысы ішкі және халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсету үдерісімен танысты. Ауданы 7500 шаршы метр терминал телескопиялық баспалдақтар, қол жүгін тексерудің автоматтандырылған жүйесі және басқа да озық технологиялармен

жабдықталған. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 20,9 млрд теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, автожол салуға, әуежай аумағын абаттандыруға және жарықтандыруға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді.

2-бет



## /// САПАР

### АУЫЛДЫ ДАМУДА БИЗНЕСТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МАҢЫЗДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде ауыл тұрғындарының әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын жақсарту, АӨК дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ тұрғындарға сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты.

Сырдария ауданы Бесарық ауылында Премьер-министр «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асырудың және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің табысты мысалдарымен танысты. «Абай Дәулет» ЖШС құрған өндірістік алаңда 318,2 млн теңгеге ауыл тұрғындарының 13 бизнес-бастамасы іске асырылуда. Жартылай фабрикаттар, пластикалық ыдыстар, ағаштан жасалған бұйымдар, тоқыма, кондитерлік өнімдер, сабын және басқа да өнімдер өндіретін цехтар ашылды. Олжас Бектенов ауыл тұрғындары шығаратын өнімдер желісімен танысты.

2-бет

## /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

### ОҢ БАҒА – БІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет отырысының күн тәртібінде қаралған мәселелерге қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

Алдымен Мемлекет басшысының тапсырмасымен аймаққа арнайы келген ҚР Премьер-министрі Олжас Абайұлы Бектеновтің жұмыс сапарының қорытындылары туралы айтты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен кеше облысқа Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Бектенов арнайы жұмыс сапармен келіп, аймағымыз үшін ауқымды, тарихи маңызды жобалардың бірі «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалын салтанатты түрде ашты. Жеке инвестор, жерлесіміз «Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен салынған заманауи үлгідегі жаңа терминалда жолаушыларға барлық жағдай қарастырылған. Жаңа терминал сағатына 250 жолаушыға қызмет көрсетуге, сауда-логистикалық әлеуетті дамытуға және жаңа рейстер ашуға мүмкіндік береді.

2-бет

## /// 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

### ТҰҒЫРЫ БИІК ТӨЛ ТЕҢГЕ

15 қараша – төл теңгеміздің туған күні. 1993 жылы айналымға енген ұлттық валютамыз өз тарихында үш жыл қатарынан әлемдегі үздік банкнот атанды. 1998 жылдан бері 15 қараша «Ұлттық валюта – теңге күні және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің мерекесі» болып белгіленген.

4-бет



**БАСПАСӨЗ – 2025**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН**

**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

- жекелер үшін – 4000 теңге,
- мекемелер үшін – 5000 теңге

Валюта бағамы \$ 494,95 kzt

€ 525,49 kzt

₴ 5,05 kzt

Ауа райы ☁ 0° +3°

☁ 0° +3°

## КЕЛІСІМ – БОЛАШАҚҚА ҚОСЫЛҒАН ОРТАҚ ҮЛЕС

– Орталық Азия мен Кавказ өңірі көптеген мәселе бойынша, соның ішінде «жасыл» энергияны дамыту саласында бірлесіп әрекет етеді. Біз қайта жаңғыртылатын энергия көздері бағытында Қазақстан мен Өзбекстанның ауқымды жоспарлары мен қол жеткізген жетістіктері жайында жақсы білеміз, – деді Өзбекстан Президенті.

Өзбекстан Президентінің пікірінше, бүгінгі келісім экономикалық мақсатты ғана көздемейді, бұл – болашаққа қосылған ортақ үлес.

– Аталған жобаның экологиялық маңызын ерекше атап өткім келеді. Желден, күннен алынатын қуат климаттың жұмсартуына әсер етеді. Осы арқылы біз Париж келісімі аясында климатты қорғау жөнінде бірлескен күш-жігерге қолдау білдіріп, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге атсалысамыз, – деді Шавкат Мирзиёев.

Бұдан бөлек, іс-шарада мемлекеттер басшыларының қатысуымен Қазақстанның Энергетика министрі Алмасадам Сатқалиев, Өзбекстанның Энергетика министрі Парвиз Шахбазов, Өзбекстанның Энергетика министрі Журабек Мирзамахамудов және Сауд Арабиясының Энергетика министрі Әбдел Азиз бен Салман Әл Сауд Жасыл энергияны дамыту және беру саласындағы ынтымақтастық туралы атқарушы бағдарламаға қол қойды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Климаттың өзгерісі туралы негізделік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-конференциясы (COP29) аясында Грекия Премьер-министрі Кириакос Мицотакиспен, Солтүстік Македония Президенті Гордана Силвановска-Давковамен, Хорватия Премьер-министрі Андрей Пенковичпен кездесті. Дүниежүзілік климат саммитінде ұсынылған Қазақстанның экспозициясымен танысты.

1-бет

## ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА ТЕРМИНАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

«Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Баян Ажмолдаев өңірдегі жыл сайын өсіп келе жатқан жолаушылар ағынын ескере отырып, терминалдың уақытылы іске қосылғаны туралы хабарлады. Мәселен, биылғы 9 айда әуежайда 265 мың жолаушыға қызмет көрсетілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артық. Аптасына 26 ішкі рейс жүзеге асырылады (17-сі Астанаға, 9-ы Алматыға). Осы жылдың маусым айында Анталья (Түркия) қаласына халықаралық чартерлік рейс іске қосылды.

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Ақтау және Атырау қалаларында қосымша рейстер ашу, сондай-ақ «Қызылорда-Кокшетау», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Қарағанды» сияқты әуе бағыттарды әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспары туралы баяндады.

Өңір жұртшылығы атынан сөз сөйлеген Қызылорда облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жаңартылған әуежайда жолаушылардың барлық санаттары үшін жасалған қызмет сапасы мен қолайлы жағдайларды жақсартудың маңызына тоқталды.

– Қызылорда облысы арқылы біз өңірлерді мемлекет тарапынан қолдау шараларының оң нәтижелерін көріп отырмыз. Бүгін біздің жерлестеріміздің арманы орындалды – жаңа әуежай терминалы ашылды. Мемлекет басшысына өңірге ерекше көңіл бөлгені үшін алғыс білдіргім келеді, бұл барлық салада өсуге ықпал етеді, – деді Серік Дүйсенбаев.

1-бет

primeminister.kz

## АУЫЛДЫ ДАМУДА БИЗНЕСТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МАҢЫЗДЫ



Оң тәжірибені кеңінен тарату үшін облыстың әр ауданында кемінде 3-4 ауылда осындай бизнес-инкубаторлар ашу жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биыл өңдеу өнеркәсібін, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және басқа да келешегі бар салаларда 610 жұмыс орнын ашқан 575 жоба іске асырылды.

«Kaz Fries» зауытында Премьер-министрге АӨК өнімдерін терең өңдеу саласындағы әлеуетті ашу

1-бет

шаралары таныстырылды. Кәсіпорынның қуаты сағатына 150 килоға дейін қуырылған картоп таяқшаларын өндіруге жетеді, дайын өнім мұздатылып, ішкі нарыққа сатылады. «Абай-Друлет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев өсімдік, құс, мал шаруашылықтарымен және құрылыс өнімдерін шығарумен айналысатын көпсалалы компанияның өндірістік қуатын одан әрі кеңейту жоспарлары туралы хабарлар етті.

Серіктестік ауылдың дамуына үлкен үлес қосып келе жатқанын атап өткен жөн. 2018 жылдан

бері компания бұл мақсаттарға 1,5 млрд теңгеден астам қаржы бөлді. Қаражат 360 орындық мектеп, 120 орындық балабақша және дәрігерлік амбулатория сияқты әлеуметтік нысандарды абадтандыруға, көгалдандыруға, жөндеуге бағытталған. Демеушілік қолдау есебінен осы жылы 150 адамға арналған Мәдениет үйі құрылды жөндеуден өтті. Мұнда Президенттің бастамасымен жастарды отаншылдық, адамгершілік рухында тәрбиелеуге бағытталған «Адал адам» тұжырымдамасы іске асырылуда. Балалар үйір-

мелері ашылып, музыкалық шығармашылық жұмыс құрылды. Сонымен қатар «Адал адам» мәдени орталығында подкаст-студия орнатылған, онда тікелей эфирде ауыл бизнесін дамытудың өзекті мәселелері талқыланады, көрермендерге жергілікті цехтарда өндірілген өнімдер таныстырылады.

Премьер-министр бизнестің ауылдық жерлердегі тұрмыс сапасын жақсартуға қосқан үлесі маңызды екенін атап өтті.

– Ауылды дамыту, нәтижелі жұмыспен қамтуды ынталандыру, сапалы әлеуметтік инфрақұрылым құру – Үкіметтің басым міндеттерінің бірі. Осы бағытта біз кәсіпкерлердің барлық бастамасын қолдаймыз. Егер Қазақстандағы әрбір ауылда осы жерде бизнес ашатындар тарапынан жауапты қолдауға ие болса, халықтың тұрмыс сапасы да анағұрлым серпінді түрде жақсарды, – деп атап өткен Олжас Бектенов «Бесарық» ауылын дамыту тәжірибесін одан әрі кеңейту қажеттігіне тоқталды.

Қызылордада Премьер-министр бүгінде 200 жұмыс орны ашылған «Жан Арай» ЖШС агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік орындарын аралады. Кәсіпорын күріш, құрама жем өндірумен, жемістер мен көкөністерді өңдеу және сақтаумен айналысады. Мұнда қуаты тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіруге жететін және тәулігіне 150 тонна күріш өңдей алатын екі зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар сыйымдылығы 1,5 мың тонна болатын көкөніс қоймасы бар, бұл маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кешен өнімдері Қазақстанда сатылады және Түркия,

Ирак, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Беларусь және басқа да алыс-жақын шетелдерге экспортталады.

Олжас Бектенов облыс орталығында балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру бағытында атқарылып жатқан шаралармен танысты. Жеке инвестиция есебінен салынған жаңа Оқушылар сарайы биыл қазан айында пайдалануға берілді. Жобаның құны – 2,4 млрд теңгені құрайды. 350 адамға дейін сыятын әлеуметтік нысан әртүрлі жастағы оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін, гидропоника, робототехника, өнеркәсіптік дизайн, телестудия сынды басқа да жана жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Мұнда Премьер-министрге Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде Қызылорда облысында кәсіптік-техникалық білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпарат берілді. Өңірде 28 колледж жұмыс істейді, онда бүгінде 20 мыңнан астам студент білім алып жатыр, оның 5 мыңға жуығы жұмысшы мамандықтары бойынша оқиды.

2024-2025 оқу жылында облыстың барлық аудандарында 7 оқу-өндірістік комбинаты ашылды. Қысқамерзімді кәсіптік оқыту курстары 300-ге жуық адамды қамтыды. Алғашқы комбинат 2022 жылы қалалық мектеп-лицей базасында ашылған. Аспаз, тігінші, графикалық дизайнер және басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша 164 маман бітірді. Алдағы уақытта тәжірибені кеңейту жоспарланып отыр.

primeminister.kz



## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2022-2024 жылдары сирек кездесетін ауруға шалдыққандар «Қазақстан халқына» қоры арқылы 1 млрд 463 млн теңгенің дәрі-дәрмегімен қамтылды. Бүгінде медициналық жеткізушілер 100 пайыз тестілеуден өтті. Жыл басынан бері 10 айда 44 медицина ұйымы 430 мың қорап дәрілік препараттар қабылдаған. «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында 15 792 репет жазылып, босатылды. Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен жол картасына сәйкес, облыстың 17 медициналық ұйымында «Госпитальдық фармацевтика» бөлімдерін ашу жоспарлануда.

Бүгінде құзырлы органдар өрт қауіпсіздігі талаптарын күшейтуде профилактикалық жұмыстарды қолға алған. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы табиғи газды қауіпсіз пайдалану, түгін жолдары мен ауа-желдеткіш каналдарды уақытылы тазалау және жылу маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтау бағытында үгіт-насихат үздіксіз жүргізілуде.

1-бет

## ОҢ БАҒА – БІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ

Бұдан бөлек, Үкімет басшысы Қызылорда қаласы және «Бесарық» ауылындағы бірқатар жаңа нысандармен танысты. Сапар қорытындысында аймағымызда атқарылған ауқымды жұмыстарға оң бағасын берді. Бұл баға барша жерлестеріміздің бірлігі мен тату тірлігінің жемісі деп білеміз. Президенттің Сыр өңіріне деген ерекше қамқорлығы жана бастамаларға жол ашты.

Үкіметтік делегацияның өңірге жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізуге атсалысқан барша әріптестеріме, зиялы қауымға, БАҚ өкілдеріне,

1-бет

кәсіпкерлер қауымына, «Қорқыт Ата» әуежайының ұжымына, Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданы әкімдіктеріне шынайы ризашылығымды білдіріп, алғысымды жеткіземін, – деді облыс басшысы.

Сонымен қатар, аймақ басшысы жылу маусымындағы өрт қауіпсіздігі, халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Жылу беру маусымында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін профилактикалық іс-шараларды тиынақты ұйымдастырыңыздар. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы табиғи газды қауіпсіз пайдалану, оның

ішінде түгін жолдары мен ауа-желдеткіш каналдарын уақытылы тазалау және жылу маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтау бағытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіңіздер.

Республикалық және жергілікті бюджет есебінен берілетін тегін дәрі-дәрмектің тұрғындарға толық жеткізілуін қадағалап, тоқсан сайын есебін жүргізіңіздер. Өңірдегі емдеу мекемелерінде госпитальдық фармацевтика бөлімдерін ашу мәселесін жан-жақты зерделеп, ұсыныс беріңіздер, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

### ТАҒАЙЫНДАУ

## ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы болып тағайындалған Жұмағұлов Бектемір Ұлыбекұлын таныстырды.

Б.Жұмағұлов 1983 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасының «Бизнес және басқару» магистрі.

Еңбек жолын 2003 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Арнайы құқықтық пәндер» кафедрасының лаборанты болып бастаған.



2007-2018 жылдары Арал аудандық жер қатынастары, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімдерінің басшысы, аудан әкімі аппаратында түрлі жауапты қызметтер атқарған. 2018 жылдан осы кезге дейін Арал ауданы әкімінің орынбасары болған.

Аймақ басшысы жаңадан тағайындалған департамент басшысына сәттілік тіледі.

– Бектемір Ұлыбекұлы жинақтаған мол тәжірибесін күрделі де жауапты жұмысқа, еңбек қатынасындағы дау-делаларды орынқты шешуге, жұмысшылардың құқығы мен ұжымдық тұрақтылықтың сақталуына, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуге жұмсайтын болады.

Жаңадан тағайындалған әріптестерімізді құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тілейміз, – деді облыс әкімі.

## ЕРБОЛ ТАЛЕКЕНОВ – ОБЛЫС БОЙЫНША КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы болып тағайындалған Талекенов Ербол Сәтбайұлы таныстырылды.

Ербол Сәтбайұлы 1983 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит», М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдау» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2004 жылы



«Глобал Транс Сервис Еуразия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде менеджер-логист болып бастаған. 2006-2007 жылдары Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер

басқармасының жетекші маманы, 2007-2017 жылдары Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік комитетінде маман, бас сарапшы, Солтүстік Қазақстан облысы, Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекцияларында бас маман, бөлім басшысы, Инвестициялар және даму министрлігінде басқарма басшысы болған. 2017-2020 жылдары «Жолаушылар тасымалы», «Теміржолсу» акционерлік қоғамдарында президент кеңесшісі, «Теміржолсу-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас инженері, 2020-2023 жылдары Арал ауданы әкімінің орынбасары, Арал қаласының әкімі қызметтерін атқарған.

2023 жылдың қазан айынан осы кезге дейін «Атамекен» ұлттық

кәсіпкерлер палатасы логистика және тасымалдау департаментінің директоры қызметін атқарып келді.

Аймақ басшысы Ербол Талекеновтің қызметіне сәттілік тіледі.

– Ербол Сәтбайұлы жаңа қызметінде өңірдің транзиттік әлеуетіне сәйкес автомобиль жолдарындағы ірі габаритті және ауыр салмақты көлік құралдарының, теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды үйлестіретін болады. Жаңа қызметіңізге сәттілік, ел мүддесі жолындағы еңбегіңізге табыс тілеймін, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

# ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕНГЕ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

## Ұлттық валютаны қалыптау тарихы

Тенгенің тарихы 1993 жылғы 3 қарашадан бастау алады. Дәл осы күні ұлттық валютаны айналымға енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылған болатын. 1993 жылғы 12 қарашада «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылды. Ал 15 қарашадан бастап тенге еліміздегі жаңа төлем бірлігіне айналды.

«Тенге» – тарихи атау. Орта ғасырда түркілердің күміс монеталары «денге» немесе «тангы» деп аталған. Бұл атауды академик Сауық Төжежанов ұсынған еді.

## Қазақстан ақшасын шығаратын кәсіпорындардың құрылу тарихы

Алғашқы банкноталар Англияда басылды шықты. 1995 жылғы 19 мамырда Қазақстанда Банкнота фабрикасы ресми түрде ашылды. Қаражат үнемдеу үшін Банкнота фабрикасына жаңа ғимарат салмай, оның орнына «Идромаш» АҚ зауытының бір корпусын жөндеуден өткізу туралы шешім қабылданды.

1995 жылғы фабрикадан 83 миллионнан астам банкнота шығарылды, келесі жылы 104 миллионнан астам банкнота басылды. 1997 жылы Банкнота фабрикасы Қазақстан Республикасы азаматтарының толқұжаттары мен жеке куәліктерін де шығара бастады.

Қазір мол тәжірибе мен көпжылдық машықтың арқасында Банкнота фабрикасы банкноталарды өз базасында әлемдік сапа мен технология стандарттарына сай шығарады.

Қазақстан тенге сарайы 1992 жылы Оскемендегі Үлгі металлургия зауытының базасында құрылды.

Ең алғашқы монета партиясы 1993 жылы Қазақстан тенге сарайында шықты. Кәсіпорын Ұлттық банктің тапсырысы бойынша түрлі-түсті металлдардан, алтын мен күмістен ұлттық валюта монеталарын шығарады. Яғни айналымға шығаруға арналған монеталар, естелік және коллекциялық монеталар әзірленеді. Оның ішінде диаметрі 100 мм, ал салмағы 2 килограмма дейін жететін қымбат металдан соғылған proof сапалы ерекше өнімдер де бар. Сонымен қатар, кәсіпорын мемлекет наградалары мен медальдарын, сондай-ақ алыс-жақын шет мемлекеттердің тапсырысы бойынша да монеталар шығарады.

Қазақстан тенге сарайы – Монета сарайлары қауымдастығының мүшесі. Бұл қауымдастыққа

мыңжылдық тарихы бар Англияның Корольдік монета сарайы сияқты нарықтың ірі өкілдері кіреді.

## «Сақ стилі» жаңа банкноталар сериясы

Банкнота дизайнын өзгерту – әлемде кеңінен тараған тәжірибе. «Сақ стилі» жаңа ақша сериясын айналымға енгізудегі негізгі мақсат – ұлттық валютаның қорғаныс деңгейін арттыру, оны пайдалануға ыңғайлы ету, сондай-ақ Қазақстанның мәдени құндылықтары мен тарихын насихаттау.

«Сақ стилі» жаңа банкнота сериясы дизайнның тұжырымдамасы 2022 жылы әзірлене басталды. 2023 жылғы 15 қарашада банкнота сериясы ресми түрде таныстырылды. Ал 5000 теңгелік алғашқы банкнотаны айналымға шығару 2023 жылғы 25 желтоқсанда жоспарланды.

Серияны әзірлеген кезде отандық және шетелдік ғалымдардың, археологтардың, антропологтардың, этнографтардың, суретшілер мен реставраторлардың көптеген еңбегі мен материалы зерттеліп, қолданылды. Банкноталардың жаңа сериясы ежелгі көшпенділердің дүниетанымындағы ерекшеліктерді, олардың табиғатпен және жануарлар әлемімен байланысын бейнелейді. Сондай-ақ «Сақ стилінің» бірегейлігін айқындап, ұлт мәдениеті мен тарихын зерттеуге деген қызығушылықты оятуға арналған.

## Тенгенің қорғаныс элементтері

Қазақстан Ұлттық банкі әлемдік тәжірибеде алғаш рет банкнотаға екі түсті микрооптикалық қорғаныс жіптерін енгізді. Бұл қорғаныс элементі банкнотаны әрі-бәрі аударып қарағанда, екі түс өзара әрекеттесіп, динамика әсерін тудырады. Мұндай элементті тек қағаз немесе гибридікті субстрат негізінде жасауға болады, яғни материал полимерлік емес болуы керек.

Сонымен қатар, банкноталардың дизайнында жарқын әрі есте қалатын 3D әсерін, сондай-ақ үш өлшемді қорғаныс элементтерін қалыптастыратын оптикалық өзгермелі голографиялық элементтер қолданылды. Бұл элементтер банкноталардың «Сақ стиліндегі» дизайнын толықтыратын тұр.

Жаңа сериядағы банкноталардың дизайнында банкноталарды жарамды немесе тозған деп сұрыптау үшін қолданылатын қаса техникасының алгоритмдері де ескерілген.

Сондай-ақ жаңа банкноталарда серия нөміріндегі әріптер мен сандардың биіктігі бірдей (алдыңғы серияларда әртүрлі өлшем қолданылған). Бұл банкноталарды жоғары жылдамдықта өңдейтін жүйелерді барынша дәлме-дәл етеді.

## Ұлттық валютаның марапаттары

2000 жылдан бастап Қазақстан тенге сарайы мен Ұлттық банк жыл сайын халықаралық байқауларға қатысып келеді. Осы уақыттан бері Ұлттық валюта сапасы, дизайны және оны әзірлеуде қолданылған технологиялық жаңашылдық үшін түрлі номинация бойынша 20-дан астам марапатқа ие болды.

Қазақстанның коллекциялық монеталары «Монетное созвездие» (Coin Constellation), «Жыл монетасы» (Coin of the Year), IACA Excellence in Currency Awards, Vicenza Numismatica және басқа да халықаралық нумизматикалық қауымдастықтардың марапатын алды. Ұлттық валюта банкноталары да бірнеше рет халықаралық байқауларда жүлделер атанды. 2007 жылғы 10 000 теңгелік (2006 жылғы үлгі) қазақстандық банкнота IACA (Халықаралық валюта мәселелері қауымдастығы) байқауында «Ең үздік жаңа банкнота» номинациясында бірінші орын иеленді.

2012 жылы Қазақстанның Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған 10 000 теңгелік естелік банкнота Халықаралық банкноттар қауымдастығының (IBNS) байқауында «2011 жылғы ең үздік банкнота» деп танылды.

2013 жылы IBNS байқауында 5000 теңгелік қазақстандық банкнота «2012 жылғы ең үздік банкноты» атанды.

2014 жылғы «Күлтегі» түркі жазбасы ескерткішіне арналған 1000 теңгелік естелік банкнота IBNS шешімі бойынша «2013 жылдың ең үздік банкноты» атанды.

2015 жылғы 1 желтоқсанда айналымға шыққан 20 000 теңгелік банкнота 2016 жылы High Security Printing Europe конференциясында (Бухарест, Румыния) 2015 жылғы ең үздік аймақтық банкнота деп танылды.

2016 жылы 20 000 теңгелік банкнота Currency Conference конференциясында (Вашингтон, АҚШ) «Валюта индустриясындағы ең үздік техникалық жетістіктері үшін» (IACA Excellence in Currency Awards) номинациясы бойынша үш финалистің қатарына кірді.

## Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

## ЖОБА

### «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбелерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 403 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбелерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №403 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5505 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасындағы: 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

## Қызылорда облысының әкімі

**Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қызылорда облыстық мәслихатымен

## ЖОБА

### Учаскелік комиссиялар туралы ережені бекіту туралы

«Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықты айқындау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №167 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32560 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес

## Қызылорда облысының әкімі

**Н.Нәлібаев**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қызылорда облыстық мәслихатымен

2024 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ Қызылорда облысы әкімдігінің № \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

## Учаскелік комиссиялар туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Учаскелік комиссия туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықты айқындау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №167 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32560 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және учаскелік комиссиялардың мәртебесі мен өклеттігін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

мансап орталығы – «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функцияларын Қызылорда қаласы мен аудандарда орындауды жүзеге асыратын филиалы;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын Қызылорда қаласы мен аудандардың жергілікті атқарушы органы;

учаскелік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін Қызылорда қаласы мен аудан әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асырады. Комиссия әлеуметтік көмекке жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізеді.

3. Комиссиялар Қызылорда қаласы мен аудандар аумағында тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссиялар өз жұмысын ашықтық, жариялылық, алқалылық және бейтараптық қағидаларында ұйымдастырады.

4. Комиссиялар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждығын айқындау өлшемшарттарын басшылыққа алады.

### 2. Комиссиялардың міндеттері мен функциялары

5. Комиссиялардың негізгі міндеті мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті органға, ал ауылдық жерлерде – кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) немесе «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 6-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жергілікті өкілетті органдар бекітетін Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес көрсетілетін әлеуметтік көмек көрсету, олардың атаулылығын арттыру жөніндегі қызметіне жәрдемдесу болып табылады.

6. Комиссияның негізгі функцияларына:

1) Қағидаларға сәйкес ұсынылатын атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға немесе әлеуметтік көмек көрсетуге жүгінген адамның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау (бұдан әрі – зерттеп-қарау);

2) атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген адамның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарауға қажетті жетпейтін

«2. Мемлекеттік мекеме немесе қазыналық кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің басшысы (менгерушісі): медицина бөлімшесінің, дәріхананың, үйде қызмет көрсету бөлімшесінің, аудандардың және облыстық маңызды бар қаланың Мансап орталығының басшысы.»

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

учаскелік комиссиялар туралы Ереже бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

**Үйымдастырушы:** «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

**Орналасқан жері:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

**Байланыс телефоны:** +7 (724) 60-54-08, 60-54-07.

**Өтінімдерді қабылдау нысанына:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

**Өтінімдерді беру орны:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

**Құжаттамаларды ұсыну мерзімі:** 2024 жылдың «1» желтоқсаннан бастап 2024 жылдың «15» желтоқсан аралығы (жұмыс күндері).

**Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты:** 2024 жылдың «1» желтоқсаны сағат 09:00.

**Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты:** 2024 жылдың «15» желтоқсаны сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдарды;

- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;

- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);

- балалар ауыларының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасыздың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлқетерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградаланған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана данық» ордендерімен наградалған көпбалалы аналарды;

- наркологиалық науқастарды медициналық-әлеуметтік оналтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оналу немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын

сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникациялық әлеуетті арттыру, оналту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оналту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу;

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ЖТҚБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын менгеруде, дамуға және әлеуметтік бейімделуде қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;

- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктерінің (волонтерлерді) оқыту;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйілері)

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына триартиялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СОС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады.

Қасіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарды.

## Хабарлама

«Шиелі Жарығ» ЖШС өз тұтынушыларына: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 8 шілдедегі № 121-VIII ҚРЗ Заңының 4-тармағына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдар 2025 жылғы 1 қантарға дейінгі мерзімде тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызмет түріне лицензия алатын энергия беруші ұйымдарға беруді қамтамасыз етуге міндетті екендігін хабарлайды.

Осыған байланысты, занаиманын жоғарыда көрсетілген талаптарын іс жүзінде іске асыру мақсатында ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде тиісті энергия беруші ұйымдарға тұтынушыларды өткізу бойынша екі жақты жұмыстар жүргізіледі.

## Орман-тоғайда отпен абай болыңыздар!

Ө

